

Раздел III

СОВРЕМЕННЫЕ АСПЕКТЫ МЕДИЦИНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

УДК 37.018.46: 371.3

**Ф.К.Смаилова^{1*}, М.Бердігүл, А.Ташаева, Н.Қалтай,
С.Бекбатыров, А.Егемберди, А.Сұлтан, А.Танашиқызы**

¹С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ,
Алматы № 2 ішкі аурулар кафедрасы аралас пәндер курсымен
Алматы қ., Қазақстан

ИНТЕРНАТУРАДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ҚҰЗІРЕТТІЛГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ

ТҮЙІН

Мақалада ішкі аурулар бойынша интернатурадағы оқыту тәсілдері қарастырылады, ол жаңадан жұмыс бастаған дәрігерлердің теориялық білімін, практикалық дағдыларын, ғылыми-зерттеуге қызығушылықтарын сақтап ары қарай дамытуға мүмкіндік береді. Инновациялық әдістер компетентті- бағдарланған оқытуға, интерн терапевтердің және студенттердің өздерінің тұрғысынан зерттелетін материалды игеруге жақсы ықпал етеді. Бұл өсіреле жұмыс барысында өзінің кесіптік деңгейін заманауи технологияларға және медицинадағы инновацияларға сәйкес жоғарылатуға тиіс мединалық профильдегі мамандар үшін маңызды болып табылады.

Түйінді сөздер: медициналық білім беру, белсенді әдістер, компетентті- бағдарланған оқыту, интернатура.

Mәселенің өзектілігі: Жоғары медициналық білім беру ұйымдардың алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – оқыту сапасын арттыру болып табылады. Қазақстандағы жоғары медициналық білім берудің қазіргі заманғы жүйесі, медициналық мамандық бойынша теориялық оқыту деңгейі жоғары жас мамандарды даярлауға бағытталған, ол жедел және тиімді әдіспен медициналық ғылым саласындағы заманауи жетістіктерге жету. Бұның негізінде медициналық білім беру және халықаралық стандарттарға сәйкес жетілдіру қажеттілігі жатыр. Терапевт – дәрігерлердің интернатурада оқыту бұл алдыңғы оқу курсындағы алған базалық білімді терендетеп ғылыми жұмыстың дағдыларын нығайтуға, біліктілік деңгейін арттыруға және жаңа құзыреттердің негізгі білімдерін терендетуге бағытталған. Интерн- дәрігердің интернатура басталғанға дейінгі дағдылары мен қабілеттің өндеп және сақтап қалуын, денсаулық сақтау орнын-

дарында тәжірибеде кездесетін түрлі сирек клиникалық жағдайлармен бекіту талап етіледі. Құқықты*, деонтологиялық немесе этикалық аспектілері бойынша ішкі ауруларда кейбір маңызды мәсслелер студенттермен тек теория жүзінде қарастырылады, ол білім практикалық дағдыларды жетілдіру үшін жеткіліксіз. Осы мәсслені шешу үшін инновациялық әдістер пайдаланылады, ол студенттердің оқыту үрдісінде белсенді айналысуға, олардың ықыласын және өзін-өзі талдауды арттыруға көмектеседі. Оқыту әдістемесі студенттің назарын аудара отырып, клиникалық және сын тұрғысынан ойлауын дамытуға шығармашылық және инновациялық тәжірибесін қалыптастыруға, құзыреттің арттыруға мүмкіндік береді. Бұл оқытудың белсенді әдістерін қолданылуында студенттер өздері айтқанының 80 % және өздері жасағанының 90 % естерінде сақтайтыны атап етілді.

Максаты: Интернатурадағы оқу үрдісінде

*flura-kentau@mail.ru

қолданалатын белсенді оқыту әдістеріне шолуды өткізу.

Материалдар мен әдістерді талқылау нәтижелері: № 2 ішкі аурулар кафедрасында аралас пәндер курсымен екіжылдық оқыту барысында пайдаланылған белсенді әдістерін талдау анализі жүргізілді.

Циклдардың барысында мынадай әдістер қолданылды: "case-study", ситуациялық рөлдік ойындар, шағын топтарда жұмыс, конференция жүргізу, шығармашылық тапсырмалар, ми шабуылы (мозговой штурм) және т.б.

"Case studies" әдісінің материалы ретінде нақты науқастардың ауру тарихы қолданылды (этикалық ережелерге сәйкес науқастың жеке деректері көрсетілмейді). "Case studies" дамыту үшінмұрагаттарда жұмыс жүргізілді, жұмыс материалы ретінде мұрагатта талданып және өндөліп қойған әр түрлі ауру ағымымен және асқынудармен болған науқастардың сырқатнамалары алынды. Бұл жұмысқа өте белсенді түрде интерн-терапевттер қатысты. Мәліметтер электрондық түрде кафедрада талқыланып, мұғалімдермен "case-studies" жүйесімен оқыту жүргізуге немесе клиникалық талдау кезінде қосымша дидактикалық материал ретінде пайдаланылады. Ақпараттық тіркелген файлдар мынадай ақпарат көздерімен қоса беріледі: этиологиясы, патогенезі, дәлелді медицина және Қазақстан Республикасының стандарттарына негізделген емдеу және диагностика тактикасының талдауы, осы тақырыптар бойынша Халықаралық нұсқаулар, клиникалық хаттамалар, шолу немесе мета – анализ сілтемелер жүргізіледі. Ол сондай-ақ клиникалық-құқықтық, экономикалық негіздерін ғана емес құқықтық құзыреттілікті де қалыптастыруға ықпал етеді. Сарапшы ретінде, құжаттаманы талдаудан кейін, интерн сақтыпен және жауапкершілікпен науқастың ауру тарихына жетекшілік етеді.

Ситуациялық, рөлдік ойынде брифинг әдісімен (деловой игры с брифингом). Әдіс клиникалық жағдайды импровизация арқылы топтың барлық мүшелерінің қатысуымен ойналады, бұл интернге адамдардың психологиясын жақсы түсінуге мүмкіндік береді, сонымен қатар танымдық, коммуникативтік дағыларды да дамытады. Жағдай қатысуышыларға түрлі рөлдерге қатысуға мүмкіндік беру үшін қайталап ойнатылады. Ойынның міндетті қағидаларының бірі ол бірнеше асқынудары

бар науқасты алып сұрастыру, талылаудан кейін, ойын күрделілігін арттыру арқылы бірнеше жағдайларды бейнежазбага түсіру болып табылады. Ойын жағдайды максимальді шындыққа жақын болады, сондықтан дебрифинг интернің өзіне сырттан бақылауға мүмкіндік береді, өзінің қателіктерін түсінуге, тиісінше, өзінің дағыларымен жұмыс істеуге, жеке және ұжымдық жағдайлардағы қатынастарды да керуге мүмкіндік береді. Медициналық симуляциядағы сценарийлер практикалық дағылар орталығында, семинар-тренингте, жүрек - өкпелік науқастың "Имитатор К" симулятор ретінде пайдаланылып отырады. Әдістің тиімділігі тәжірибелік дағыларды бағалау кезінде, яғни интерн-дәрігерлерді сертификаттая нәтижелері кезінде расталды.

Интерактивті әдіс – Team – based learning (TBL) -"шағын топтарда" командалық жұмыс істеу дегенді білдіреді. Бұл әдіс мынаны қарастырады: оқытушы мен интерн дәрігердің тиімді, ынтымақтасқан қарым қатынас орната отырып, интерн-дәрігерді оку процесіне белсенді тарту арқылы топтың әр мүшесінің командалық жұмыс үшін қажетті қасиеттерін қалыптастыру, ол өз кезегінде – жауапкершілік, өзара түсіністік және қарым-қатынас дағыларын қамтамасыз етеді. Әдістің шартына сәйкес, бұкіл топтың адекватты жұмыс істеуі үшін топтың құрылу кезінде жынысы мен оқыту деңгейі бойынша әртүрлі құрылуы керек. Интерндерді топтарға бөлу кезде мұғалім Колб шкаланы қолданады. Әр бір топта мүмкіндік бойынша рационалист – converger, эмпирик – diverger, теоретик – assimilator, практик – accommodator болу керек, ол арқылы командалық жұмыс жасаудың, ұжымдағы міндеттерін бөлу, өзара көмек көрсетіп, жауапкершілікке алу дағыландырады. Мұғалім екі топтың арасындағы бәсекелестіктің салауатты рухын қолдан, өзара түсініспеушілікке келуге жол бермейді. Интерндерге алдын ала сабакты өткізу методикасы ескертіледі және анықтамалықтарды пайдалану шектелмейді. Сабактың барысында студенттер тесттерді және ситуациялық есептерді шешеді, лабораториялық және аспапты зерттеулердің нәтижелерін талқылайды. Бұл оқыту тәсіл интерндерді командалық жұмыс істеуге үйретеді.

Оқытудағы тағы бір тиімді әдіс – интерактивті конференция болып табылады. Әдіс кез келген байланысқан тақырыптарды мен-

геруге тиімді, топтарды оқыту арқылы өзін-өзі дамыту, өзінің білім құзыретін жогарлату және жоғары танымдық дағдыларын артыру үшін тандаулы әдістердің бірі болып табылады. Интерактивті конференцияда шығармашылық жұмыстарын өзара ұштастыра отырып, "студент мұғалім ретінде" танылады. Ол интерндерден шығармашылық жұмыс пен күрделі дайындықты талап етеді. Оқытушының жетекшілігімен интерндер белгілі бір тақырып бойынша презентация дайындаиды. Әрбір презентация клиникалық жағдайға негізделген бір қосалқы тақырыпқа арналады, аудиторияның сұрақтарымен, мини- дәріс форматында жүргізіледі. Міндепті түрде презентацияда сұраққа жауап талқыланады. Көрмермендер тобымен кері байланысқа түсіру үшін баяндамаларға қатысты сұрақтар дайындалады. Баяндамалар, сұрақтар, есептер мен бейнетаспалардағы көріністердің электрондық нұсқалары кафедрада сақталады және семинарлар откізуге пайдаланылады.

Региондарда іс-сапар өту кезінде интерндердің практикалық дағдылары мен теориялық білімін бағалауға "3600 бағалау" әдісі қолданылды. Медициналық, білім беру жүйесінде практикалық іс-сапар тәжірибесі интерндер үшін өте маңызды шешуші сәт болып табылады. Барлық оқыту жылдарының ішінде олар алғаш рет терапевтік саладағы бөлімдерде өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндіктері туады, науқастарды жүргізу, курациялау, медициналық есеп жүргізу, интенсивті терапия бөлімінде және қабылдау бөлімінде, функционалдық диагностика бөлімінде, консилиумдарға қатысуға және клиникалық талдауды жүргізуге ұмтылады. Практика соында интерн кешенді тексеру - тізімін кафедрага алып келеді, олардың қызметін тек жауапты дәрігерлер ғана емес, сонымен қатар медбикелер мен науқастарда бағалайды. Бұл тексеру-тізімі олардың танымдық, практикалық және коммуникативтік дағдыларына сипаттама береді, сонымен қатар интерннің білімін және дағдыларын бағалайтын ең шынайы құжат болып табылады.

Интерндер тарапынан "блиц-ойын" әдісінің қолданылуымен өтетін оқыту қызықты жүреді. Аталған әдіс "ми шабуылы" және шағын топтардағы оқыту белсенді әдістерін біріктіретін іскерлік ойынның бір түрі болып табылады. Бұл

әдіс нақты көріністермен сипатталады: тез өткізілуі, ойынның онай әрі қызықты болуы, барлық топ мүшелерінің міндетті түрде қатысы, командалық жұмыс. Оқытудың негізінде индивидуальды жұмыс және топаралық бәсекелестік жатыр. Жинал-ған ұпай саны мен соңғы иттихада әр топ мүшесінің жағдайды тез әрі нақты талдаң біткінде, және топтың қандай шешімге келуіне байланысты. Осы әдіс өзін "Науқас қауіпсіздігі" элективті пәннің "Қатемен жұмыс" тақырыбында жақсы көрсетті. Осы ойынның мысалында интерн терапевтер ұжымдаса отырып дәрігерлерлік қателіктерді анықтауға үйреніп, оларды дұрыстауға және алдын алуға үйренеді. Бұл алынған білімді практикалық іс жүргізуде қолдануға мүмкіндік береді, мысалы: станлартты емес клиникалық жағдай кезінде қысқа уақыт ішінде дифференциальды диагностиканы өткізіп, тиісті емдеу жоспары мен науқасты жүргізу тактикасын тандау. Интерндердің ең улкен қызыгуышылығын – аналитикалық матрица алады, ол инновациялық форматтағы жобамен оғыту әдісі болып табылады. Сарапшы ретінде аурудың тарихымен жұмыс істегенде, интерн нозология туралы теренірек білім алып, өз бетінше дифференциалдық диагноз қойып, жазбаларды дұрыс жүргізуі үйреніп, медициналық және гылыми әдебиеттермен өз бетінше жұмыс істеуге дағыланады (себебі қателікпен және күрделі асқынған клиникалық жағдаймен жұмыс істейді).

Қорытынды. Интернатурада инновациялық технологияны қолдану-теориялық білімді тереңдетіп нығайтуға, коммуникативты дағдыларды дамытуға, құқықтық білім алуға, топта жұмыс жасаудың мамандандырылған дағдыларын нығайтуға, талқылауларды дәлелдеп жүргізуге, өз көзқарастарын дәлелді медицина принциптеріне негізделп дәлелдеуге, сонымен қатар жаңа білім алуға мүмкіндік береді. Интерндер әртүрлі танымдық ойындармен және өзіндік мінез құлық арқылы сенімділігі мен өзін өзі бағалаудың жогарлатады. Инновациялық оқыту әдісі - дәрігер терапевтердің білім беру сапасын жогарлатады. Бұл республикалық денсаулық сақтау ұйымдастырушыларымен тәжірибе жүзінде КазҰМУ тұлектерімен дәлелденді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 *Артюхина А.И., Чумаков В.И. Интерактивные методы обучения в медицинском вузе.* – Волгоград, 2011. – С. 5-11.
- 2 *Шамов И.А., Гаджиев Г.Э. Деловая игра в медицинском вузе: пособие для преподавателей.* – Махачкала: ИПЦ ДГМА, 2008. – С. 15-18.
- 3 *Современные образовательные технологии: учебное пособие / под.ред. Н.В.Бордовской: 2-е изд.* – М.:КНОРУС, 2011. – С. 50-56.
- 4 *Шеметова Г.Н., Рябошапко А.И., Губанова Г.В., Красникова Н.В., Беляева Ю.Н. Профилактическая работа терапевта: формирование компетенций // Фундаментальные исследования.* – 2014. – № 7-1. – С. 166-169.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются активные методы обучения в интернатуре по внутренним болезням, позволяющие формировать и закреплять у начинающих врачей теоретические знания, практические навыки, интерес к исследовательской работе. Инновационные методы направлены на компетентностно-ориентированное обучение интернов-терапевтов и, с точки зрения самих обучающихся, способствуют более глубокому усвоению изучаемого материала. Особое значение это имеет для специалистов медицинского профиля, которые в течение трудовой деятельности обязаны повышать свой профессиональный уровень в соответствии с современными технологиями и инновациями в медицине.

Ключевые слова: медицинское образование, активные методы, компетентностно-личностное обучение, интернатура.

SUMMARY

The article includes the methods of internship training in internal diseases, which forms and consolidates theoretical knowledge, practical skills and interests in making researches of interns. The innovative methods are directed to competence-oriented education of interns-therapists, and according to the students consideration those methods give deeper comprehension in absorption studying materials. This is very important for medical specialists, who are required to improve their professional level in accordance with modern technologies and innovations.

Key words: medical education, active methods, competence-based and personal training, internship.